

Некені бұзу туралы істер бойынша сот практикасын ҚОРЫТУ

Некені бұзу туралы істерді қарау кезінде заңнаманы қолданудың сот практикасын қорыту Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.

Қорытудың мақсаты осы санаттағы істер бойынша қалыптасқан сот практикасын зерделеу, істерді қарау кезінде туындайтын және қолданыстағы заңнаманы қолдану бойынша түсіндіруді талап ететін проблемалық мәселелерді анықтау, біркелкі сот практикасын қалыптастыру бойынша тән қателіктерді анықтау және ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Қорыту шеңберінде Жоғарғы Соттың кассациялық практикасы, облыстық және оларға теңестірілген соттардың осы санаттағы істерді қарау практикасына жүргізілген талдауларының нәтижелері бойынша ақпарат, сондай-ақ, соттардың 2020-2022 жылдары қараған азаматтық істер материалдары зерделенді.

Нормативтік база

Некені бұзу туралы даулар бойынша істерді қарау кезінде қолдануға жататын негізгі нормативтік құқықтық актілер:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (бұдан әрі – АҚ);
- 3) Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі (бұдан әрі – АПК);
- 4) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс);
- 5) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ;
- 6) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II Заңы;
- 7) «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы;
- 8) «Соттардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 5 нормативтік қаулысы;
- 9) «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 нормативтік қаулысы;
- 10) «Соттардың алименттерді өндіріп алу жөніндегі істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 6 нормативтік қаулысы;

11) «Азаматтық істер бойынша сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №5 нормативтік қаулысы;

12) «Қазақстан Республикасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығыстары туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №9 нормативтік қаулысы;

13) Бала құқықтары туралы конвенция (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен ратификацияланған).

ТМД азаматтары қатысатын құқықтық қатынастарға 1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы конвенцияның (Минск конвенциясы) және 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы конвенцияның (Кишинев конвенциясы) ережелері де қолданылады.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Статистикалық деректер

Қорытылатын кезеңде осы санаттағы істерді қараудың саны мен сапасы туралы статистикалық деректер «Төрелік» сот органдарының ақпараттық-талдау жүйесінің мәліметтері, сондай-ақ, облыстық және оларға теңестірілген соттар ұсынған ақпарат негізінде қалыптастырылды.

Талдау жасалынып отырған кезеңде **2020 жылы** соттарға некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы **64 516** іс пен арыз келіп түсті, бұл республика соттарына келіп түскен істер мен материалдардың жалпы санының 7,7%-ын құрайды (838 958).

Іс жүргізумен барлық аяқталғаны – 56 357 іс, оның ішінде шешім шығарылғаны – 36 862 (қанағаттандырылғаны – 36 759, бас тартылғаны – 106), қайтарылғаны – 5 474 іс, іс жүргізу тоқтатылғаны – 11 951, қараусыз қалдырылғаны – 6 634 іс, соттылығы бойынша жолданғаны – 639 іс, шағым келтірілгені – 200 іс (күші жойылғаны – 11, өзгертілгені – 4, өзгеріссіз қалдырылғаны – 140).

2021 жылы соттарға 80 148 арыз бен іс келіп түсті (бұл 2020 жылмен салыстырғанда 24,2%-ға көп), оның ішінде қайтарылғаны – 14 856. Бұл ретте, республика соттарына 2021 жылы барлығы 705 833 іс пен материалдар келіп түсті, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 18,9%-ға аз.

Іс жүргізумен барлығы 62 164 іс аяқталды, оның ішінде шешім шығарылғаны – 41 167 (қанағаттандырылғаны – 41 065, бас тартылғаны – 115), іс жүргізумен тоқтатылғаны – 11 371, қараусыз қалдырылғаны – 9 761

іс, соттылығы бойынша жолданғаны – 468 іс, шағым келтірілгені – 249 іс (күші жойылғаны – 20, өзгертілгені – 10, өзгеріссіз қалдырылғаны – 211).

2022 жылы соттарға **82 004** арыз бен іс келіп түсті (бұл 2021 жылмен салыстырғанда 2,2%-ға көп), оның ішінде қайтарылғаны - 16 826. Бұл ретте республика соттарына 2022 жылы барлығы 705 833 іс пен материалдар келіп түсті, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 15,9%-ға аз.

Іс жүргізумен барлығы 63 243 іс аяқталды, оның ішінде шешім шығарылғаны – 39 720 (қанағаттандырғаны – 39 622, бас тартылғаны – 100), іс жүргізумен тоқтатылғаны – 10 755, қараусыз қалдырылғаны – 11 660 іс, соттылығы бойынша жолданғаны – 518 іс, шағым келтірілгені – 290 іс (күші жойылғаны – 30, өзгертілгені – 24, өзгеріссіз қалдырылғаны – 232)

Өңірлер бөлінісіндегі статистикалық деректер:

Арыздардың басым көпшілігі Алматы қаласының, Алматы және Қарағанды облыстарының соттарына келіп түскен. Келіп түскен арыздар санының артуы Алматыда байқалады. Жетісу және Ұлытау облыстарының соттарына келіп түскен арыздар саны аз.

	Өңірдің атауы	Кезең	Шешім шығарылып қаралғаны	Оның ішінде				
				қанағаттандырылғаны		бас тартылғаны		
1.	Астана	2020 ж.	2397	7 481	2382	7 439	15	42
		2021 ж.	2609		2596		13	
		2022 ж.	2475		2461		14	
2.	Алматы	2020 ж.	3982	14 451	3978	14 424	4	27
		2021 ж.	4958		4948		10	
		2022 ж.	5511		5498		13	
3.	Шымкент	2020 ж.	1886	6 063	1872	6 032	14	31
		2021 ж.	2079		2070		9	
		2022 ж.	2098		2090		8	
4.	Ақмола облысы	2020 ж.	1620	5 258	1617	5 244	2	12
		2021 ж.	1875		1871		4	
		2022 ж.	1763		1756		6	
5.	Ақтөбе облысы	2020 ж.	1587	5 360	1580	5 340	7	20
		2021 ж.	2027		2016		11	
		2022 ж.	1746		1744		2	
6.	Алматы облысы	2020 ж.	4145	13 547	4139	13 522	6	25
		2021 ж.	4964		4956		8	
		2022 ж.	4438		4427		11	
7.	Атырау облысы	2020 ж.	1042	3 492	1035	3 476	7	16
		2021 ж.	1247		1242		5	
		2022 ж.	1203		1199		4	
8.	Шығыс Қазақстан облысы	2020 ж.	1814	5 231	1813	5 229	1	2
		2021 ж.	1744		1743		1	
		2022 ж.	1673		1673		-	
9.	Жамбыл облысы	2020 ж.	1351	5 508	1347	5 495	4	13
		2021 ж.	2165		2161		4	
		2022 ж.	1992		1987		5	
10.	Батыс Қазақстан облысы	2020 ж.	1538	4 493	1535	4 487	3	6
		2021 ж.	1491		1489		2	

		2022 ж.	1464		1463		1	
11.	Қарағанды облысы	2020 ж.	3450	10 076	3446	10 065	4	11
		2021 ж.	3556		3551		5	
		2022 ж.	3070		3068		2	
12.	Қостанай облысы	2020 ж.	1996	5 957	1994	5 954	2	3
		2021 ж.	2019		2018		1	
		2022 ж.	1942		1942		-	
13.	Қызылорда облысы	2020 ж.	1449	4 498	1443	4 472	6	26
		2021 ж.	1596		1586		10	
		2022 ж.	1453		1443		10	
14.	Маңғыстау облысы	2020 ж.	1193	3 916	1193	3 916	4	20
		2021 ж.	1328		1328		13	
		2022 ж.	1395		1395		3	
15.	Абай облысы	2020 ж.	1266	3 912	1262	3 906	4	6
		2021 ж.	1334		1333		1	
		2022 ж.	1312		1311		1	
16.	Жетісу облысы	2020 ж.	-	321	-	319	-	2
		2021 ж.	-		-		-	
		2022 ж.	321		319		2	
17.	Ұлытау облысы	2020 ж.	511	1 488	510	1 486	1	2
		2021 ж.	527		526		1	
		2022 ж.	450		450		-	
18.	Павлодар облысы	2020 ж.	1992	5 591	1986	5 581	6	10
		2021 ж.	1868		1866		2	
		2022 ж.	1731		1729		2	
19.	Солтүстік Қазақстан облысы	2020 ж.	1246	3 625	1245	3 620	1	5
		2021 ж.	1171		1169		2	
		2022 ж.	1208		1206		2	
20.	Түркістан облысы	2020 ж.	2397	7 481	2382	7 439	15	42
		2021 ж.	2609		2596		13	
		2022 ж.	2475		2461		14	
ЖИЫНЫ:		2020 ж.	36862		36759		106	
		2021 ж.	41167		41065		115	
		2022 ж.	39720		39622		100	

Жоғарыда көрсетілген деректер талап қоюдан бас тарту туралы шешімдердің саны жағынан ең көбін Астана, Шымкент қалаларының және Түркістан облысының соттары шығарғанын көрсетеді.

Шешімдерге жоғары тұрған сатыға шағымдану

2020 жылы апелляциялық тәртіппен **64 516** іс қаралды, оның ішінде 11 шешімнің күші жойылды (0,02%), өзгертілгені – 4 (0,01%). Кассациялық тәртіппен қайта қаралған жоқ.

2021 жылы апелляциялық тәртіппен **80 148** іс қаралды (бұл 2020 жылмен салыстырғанда 24,2%-ға артық), оның ішінде күші жойылғаны – 20 (0,02%), өзгертілгені – 10 (0,01%). Кассациялық тәртіппен – 1 шешімнің күші жойылған.

2022 жылы апелляциялық тәртіппен **82 004** іс қаралды (бұл 2020 жылмен салыстырғанда 27,1%-ға (250) және 2021 жылмен салыстырғанда 2,3%-ға (401) артық, оның ішінде күші жойылғаны – 30 (0,04%), өзгертілгені – 24 сот актісі (0,03%). Кассациялық тәртіппен күші жойылған шешімдер жоқ.

Өңірлер бойынша

	Өңірдің атауы	Кезең	1 сатыда шешім шығарылғаны		Барлық шағым берілгені	күші жойылғаны	Оның ішінде				
								өзгертілгені		өзгеріссіз	
1.	Астана	2020 ж.	2397	7 481	12	-	1	-	1	12	29
		2021 ж.	2609		8	-		-		7	
		2022 ж.	2475		18	1		1		10	
2.	Алматы	2020 ж.	3982	14 451	36	1	2	-	7	22	94
		2021 ж.	4958		45	1		1		35	
		2022 ж.	5511		54	-		6		37	
3.	Шымкент	2020 ж.	1886	6 063	13	-	3	-	2	11	33
		2021 ж.	2079		12	2		1		9	
		2022 ж.	2098		15	1		1		13	
4.	Ақмола облысы	2020 ж.	1620	5 258	9	1	4	1	3	4	39
		2021 ж.	1875		29	1		1		25	
		2022 ж.	1763		15	2		1		10	
5.	Ақтөбе облысы	2020 ж.	1587	5 360	19	-	-	-	1	16	35
		2021 ж.	2027		16	-		1		10	
		2022 ж.	1746		10	-		-		9	
6.	Алматы облысы	2020 ж.	4145	13 547	11	-	1	-	3	11	44
		2021 ж.	4964		15	-		-		15	
		2022 ж.	4438		22	1		3		18	
7.	Атырау облысы	2020 ж.	1042	3 492	7	-	-	-	3	7	24
		2021 ж.	1247		10	-		-		9	
		2022 ж.	1203		11	-		3		8	
8.	Шығыс Қазақстан облысы	2020 ж.	1814	5 231	8	-	2	1	4	7	24
		2021 ж.	1744		9	-		-		9	
		2022 ж.	1673		13	2		3		8	
9.	Жамбыл облысы	2020 ж.	1351	5 508	5	1	2	-	1	2	28
		2021 ж.	2165		13	-		1		12	
		2022 ж.	1992		18	1		-		14	
10.	Батыс Қазақстан облысы	2020 ж.	1538	4 493	7	-	2	1	3	5	22
		2021 ж.	1491		12	-		-		10	
		2022 ж.	1464		11	2		2		7	
11.	Қарағанды облысы	2020 ж.	3450	10 076	16	-	3	-	5	16	54
		2021 ж.	3556		26	1		5		13	
		2022 ж.	3070		28	2		-		25	
12.	Қостанай облысы	2020 ж.	1996	5 957	7	1	6	-	-	5 (1-еуі қайтарылды)	16
		2021 ж.	2019		7	3		-		3 (1-еуі тоқтатылды)	
		2022 ж.	1942		12	2		-		8	
13.	Қызылорда облысы	2020 ж.	1449	4 498	15(1-еуі қалдық)	2	3	-	1	11	26
		2021 ж.	1596		8(3-еуі аяқталмаған)	-		-		9	
		2022 ж.	1453		9	1		1		6	
14.	Маңғыстау	2020 ж.	1193		3	-		-		3	

	облысы	2021 ж.	1328	3 916	4	-	-	-	-	4	16		
		2022 ж.	1395		9	-				9			
15.	Абай облысы	2020 ж.	1266	3 912	6	1	3	-	1	5	24		
		2021 ж.	1334		12	-				12			
		2022 ж.	1312		9	2				7			
16.	Жетісу облысы	2020 ж.	-	321	-	-	-	-	1	-	1		
		2021 ж.	-		-	-				-			
		2022 ж.	321		2	-				1			
17.	Ұлытау облысы	2020 ж.	511	1 488	2	-	2	-	1	1	6		
		2021 ж.	527		2	1				1			
		2022 ж.	450		2	1				4			
18.	Павлодар облысы	2020 ж.	1992	5 591	6	-	16	-	-	1	28		
		2021 ж.	1868		4	8				15			
		2022 ж.	1731		2	8				12			
19.	Солтүстік Қазақстан облысы	2020 ж.	1246	3 625	6	4	10	-	-	1	23		
		2021 ж.	1171		9	3				6			
		2022 ж.	1208		12	3				16			
	Түркістан облысы	2020 ж.	2397	7 481	12	-	1	-	1	-	17		
		2021 ж.	2609		8	-				7 (1-еуі тоқта тылды)			
		2022 ж.	2475		18	1				10 (6-ауы қалдық)			
ЖИЫНЫ:		2020 ж.	36862		200	11				4		140	
		2021 ж.	41167		249	20				10		211	
		2022 ж.	39720		290	30				24		232	

Апелляциялық қайта қарау нәтижелері, атап айтқанда, күшін жоюдың болмашы саны бірінші сатыдағы соттар қабылдаған шешімдердің заңдылығы мен негізділігін куәландырады.

Төменде облыстық соттар жіберген мәліметтері бар жиынтық кесте берілген.

Некені бұзу туралы істерді қарау кезінде неке-отбасы заңнамасын қолдану практикасы

№	1	2	3	4	5	6	7	8		9	10	11	12	13			14
								Оның ішінде	қа ба					Оның ішінде	кү	ө	
	Өңірдің атауы	Кезең	Өгініш пен іс келіп түсті	Қайтарылды	Барлығы аяқталды	Шешім шығарылып қаралды	Аяқталғандардың санынан % қатынас	қана	бас	Іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды	Қараусыз қалдырылды	Іс соқтығы бойынша жоғалды	Барлық берілді	Оның ішінде	күші жоғалды	өзгеріссіз қалды	Қасиеті қаралды
1.	Астана	2020 ж.	3707	143	3564	2397	67,2	2382	15	921	194	52	12	-	-	12	
		2021 ж.	4268	333	3298	2609	79,1	2596	13	780	499	39	8	-	-	7	
		2022 ж.	4457	373	4005	2475	61,7	2461	14	958	542	28	18	1	1	10	

2.	Алматы	2020 ж.	8035	12 97	5761	3982	49,5	39 78	4	432	1265	74	36	1	-	22	
		2021 ж.	10 963	2 99 0	7007	4958	45,2	49 48	10	360	1615	59	45	1	1	35	
		2022 ж.	11796	27 41	8061	5511	46,7	54 98	13	473	1972	55	54	-	6	37	
3.	Шым-кент	2020 ж.	3185	26 4	2840	1886	63,7	18 72	14	629	400	25	13	-	-	11	
		2021 ж.	4229	92 4	3182	2079	65,3	20 70	9	297	770	36	12	2	1	9	
		2022 ж.	4725	12 06	3477	2098	60,3	20 90	8	278	1062	39	15	1	1	13	
4.	Ақмола облысы	2020 ж.	2624	14 0	2513	1620	64,5	16 17	2	707	163	23	9	1	1	4	
		2021 ж.	3458	53 4	2935	1875	63,9	18 71	4	831	215	14	29	1	1	25	2
		2022 ж.	3312	57 0	2749	1763	64,1	17 56	6	607	359	7	15	2	1	10	1
5.	Ақтөбе облысы	2020 ж.	3109	44 0	2676	1587	59,3	15 80	7	912	145	32	19	-	-	16	
		2021 ж.	4491	12 30	3279	2027	61,8	20 16	11	1067	170	15	16	-	1	10	
		2022 ж.	4524	14 09	3052	1746	57,2	17 44	2	878	412	16	10	-	-	9	
6.	Алматы облысы	2020 ж.	7663	60 8	6062	4145	69	41 39	6	675	1173	44	11	-	-	11	-
		2021 ж.	9587	13 37	7445	4964	67	49 56	8	942	1485	36	15	-	-	15	-
		2022 ж.	9358	13 60	7187	4438	62	44 27	11	1132	1560	38	22	1	3	18	-
7.	Атырау облысы	2020 ж.	2159	87	1677	1042	62,1	10 35	7	374	249	12	7	-	-	7	-
		2021 ж.	3031	61 6	2062	1247	60,5	12 42	5	439	368	8	10	-	-	9	-
		2022 ж.	3200	82 2	1977	1203	60,8	11 99	4	200	563	11	11	-	3	8	-
8.	Шығыс Қазақстан облысы	2020 ж.	2868	68	2782	1814	65,2	18 13	1	872	90	6	8	-	1	7	
		2021 ж.	3288	51 8	2779	1744	62,8	17 43	1	859	170	5	9	-	-	9	
		2022 ж.	3549	71 0	2737	1673	61,1	16 73	-	860	196	8	13	2	3	8	-
9.	Жамбыл облысы	2020 ж.	3244	23 1	2427	1351	55,7	13 47	4	863	190	20	5	1	-	2	-
		2021 ж.	3863	54 0	3557	2165	61,0	21 61	4	1003	363	21	13	-	1	12	-
		2022 ж.	3803	70 0	3240	1992	61,5	19 87	5	712	491	19	18	1	-	14	-
10.	Батыс Қазақстан облысы	2020 ж.	2392	17 3	2350	1538	65	15 35	3	312	484	16	7	-	1	5	-
		2021 ж.	2806	39 0	2373	1491	63	14 89	2	228	639	15	12	-	-	10	-
		2022 ж.	2932	50 3	2426	1464	60	14 63	1	321	626	11	11	2	2	7	-
11.	Қарағанды облысы	2020 ж.	5543	64 7	4897	3450	70	34 46	4	21	604	18 0	16	-	-	16	-
		2021 ж.	6761	17 50	5035	3556	71	35 51	5	11	379	10 9	26	1	5	13	-
		2022 ж.	6152	17 57	4583	3070	67	30 68	2	21	218	17 0	28	2	-	25	-
12.	Қостанай облысы	2020 ж.	2888	21 7	2572	1996	69,1	19 94	2	576	297	16	7	1	-	5(1 во зв ра ще но	

		2021 ж.	3026	614	2649	2019	66,1	2018	1	630	365	9	7	3	-	3(1 прераш)	
		2022 ж.	2946	833	2283	1942	65,9	1942	-	341	644	9	12	2	-	8	1
13.	Қызылорда облысы	2020 ж.	2449	99	2343	1449	61,8	1443	6	552	317	25	15(1 остаток)	2	-	11	-
		2021 ж.	2810	216	2664	1596	60	1586	10	364	677	27	8(3 неоконченных)	-	-	9	-
		2022 ж.	2769	301	2447	1453	59,3	1443	10	235	741	18	9	1	1	6	-
14.	Маңғыстау облысы	2020 ж.	2200	115	2089	1193	57,1	1193	4	725	147	20	3	-	-	3	-
		2021 ж.	2902	312	2572	1328	45,7	1328	13	856	361	14	4	-	-	4	-
		2022 ж.	3101	581	2540	1395	44,9	1395	3	568	565	9	9	-	-	9	-
15.	Абай облысы	2020 ж.	2964	127	2810	1266	45	1262	4	1424	95	25	6	1	-	5	-
		2021 ж.	3559	797	2648	1334	50,4	1333	1	1062	243	8	12	-	-	12	-
		2022 ж.	3305	724	2631	1312	49,8	1311	1	977	326	16	9	2	1	7	-
16.	Жетісу облысы	2020 ж.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
		2021 ж.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
		2022 ж.	832	106	549	321	58,5	319	2	129	84	2	2	-	1	1	-
17.	Ұлытау облысы	2020 ж.	788	54	732	511	69,8	510	1	37	181	1	2	-	1	1	-
		2021 ж.	923	154	758	527	69,5	526	1	20	213	2	2	1	-	1	-
		2022 ж.	943	197	752	450	59,8	450	-	1	292	2	2	1	-	4	-
18.	Павлодар облысы	2020 ж.	3172	205	2956	1992	67,3	1986	6	728	226	10	6	-	-	1	-
		2021 ж.	3718	737	2930	1868	63,7	1866	2	550	505	7	4	8	-	15	-
		2022 ж.	3442	809	2887	1731	59,9	1729	2	914	234	8	2	8	-	12	-
19.	Солтүстік Қазақстан облысы	2020 ж.	1819	146	1742	1246	71,5	1245	1	270	220	6	6	4	-	1	-
		2021 ж.	2197	531	1693	1171	69,2	1169	2	292	225	5	9	3	-	6	-
		2022 ж.	2401	751	1655	1208	73	1206	2	192	231	24	12	3	-	16	-
20.	Түркістан облысы	2020 ж.	3707	413	3564	2397	67,2	2382	15	921	194	52	12	-	-	-	
		2021 ж.	4268	333	3298	2609	79,1	2596	13	780	499	39	8	-	-	7(1 - еуі тоқтат)	

																ЫЛ ДЫ)	
	2022 ж.	4457	37 3	4005	2475	61,7	24 61	14	958	542	28	18	1	1	10(6 қа лд ық)	-	
ЖИЫНЫ:	2020 ж.	64516	54 74	56357	3686 2		36 75 9	10 6	1195 1	6634	63 9	20 0	11	4	14 0		
	2021 ж.	80148	14 85 6	62164	4116 7		41 06 5	11 5	1137 1	9761	46 8	24 9	20	1 0	21 1		
	2022 ж.	82004	16 82 6	63243	3972 0		39 62 2	10 0	1075 5	11660	51 8	29 0	30	2 4	23 2		

**Сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхаттарды
алдын ала қарау нәтижелері туралы мәліметтер**

	Қалдық	Келіп түсті	Қайтарылды	Берілді	Бас тартылды	Барлығы қаралды
<i>2020 жыл</i>						
Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы	2	22	9	-	13	13
Істер мен материалдардың ЖИЫНЫ	2	22	9	-	13	13
<i>2021 жыл</i>						
Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы	2	30	13	3	14	17
Істер мен материалдардың ЖИЫНЫ	2	30	13	3	14	17
<i>2022 жыл</i>						
Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы	1	27	11	1	12	15
Істер мен материалдардың ЖИЫНЫ	1	27	11	1	12	15

Сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау нәтижелері туралы мәліметтер

	Іс келіп түсті	Барлығы қаралды	Күші жойылды	ЖСҚ	Шешімдердің біреуі күшінде қалды	Жаңа шешім
<i>2020 жыл</i>						
Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы	-	-	-	-	-	-
Істер мен материалдардың ЖИЫНЫ	-	-	-	-	-	-
<i>2021 жыл</i>						
Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы	3	3	2 (1 шешімнің күші жойылды, 1-еуі караусыз қалдырылды)	1	1	-
Істер мен материалдардың ЖИЫНЫ	3	3	2 (1 шешімнің күші жойылды,	1	1	-

			1-еуі қараусыз қалдырылды)			
<i>2022 жыл</i>						
Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы	1	Есептік кезеңнің соңындағы қалдық				
Істер мен материалдардың жиыны	1	Есептік кезеңнің соңындағы қалдық				

Соттылық

Соттылықтың жалпы қағидасы бойынша АПК-нің 29-бабына сәйкес некені бұзу туралы талап қою жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі.

Кәметке толмаған балалар талап қоюшымен бірге тұрған жағдайда, талап қоюлар талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша берілуі мүмкін (АПК-нің 30-бабының жетінші бөлігі).

Осы санаттағы істердің соттылығын анықтау мәселелері соттарға қиындық туғызбайды, дегенмен орын алған бірқатар сот қателіктері бар.

Азамат тұрақты немесе көбінесе тұратын елді мекен оның тұрғылықты жері деп танылады.

2022 жылғы 16 маусымда Ф.А. АПК-нің 30-бабының 7-бөлігіне сәйкес Қостанай қаласында өзінің тұрақты тұратын жері бойынша некені бұзу туралы Ф. В.-ға қойған талабымен Қостанай қалалық сотына жүтінген.

Алайда, 2022 жылғы 23 маусымдағы ұйғарыммен азаматтық іс талап қоюшының тіркелген жері бойынша Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданының сотына соттылығы бойынша қарау үшін жолданған.

Солтүстік Қазақстан облыстық соты төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Сот АПК-нің 34-бабының 6-бөлігіне сәйкес соттар арасындағы дауды шешіп, іс соттылығы бойынша талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша Қостанай қалалық сотына жіберілді, өйткені азамат тұрақты немесе көбінесе тұратын елді мекен оның тұрғылықты жері деп танылады (АК-нің 16-бабының 1-тармағы).

Некені бұзу туралы талап қою әскери қызметтің мүдделерін қозғамайды және тараптардың әскери қызмет өткеруіне байланысты емес, сондықтан мұндай істерді әскери соттарға жіберу негізсіз болып табылады.

Алматы облысының Талғар аудандық соты 2020 жылғы 11 ақпанда жауапкер әскери қызметші болып табылатындығын уәждей отырып, Т.Н.-нің некені бұзу туралы У.И.-ға қойған талабын соттылығы бойынша Ақмола гарнизонының әскери сотына жолдаған.

Жоғарғы Сот бұл ұйғарымның күшін жойып, іс соттылығы бойынша Алматы облысының Талғар аудандық сотына жолданды.

Мемлекеттік баж

Салық кодексінің 610-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес сотқа берілетін некені бұзу туралы талап қоюлардан 0,3 АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж (бұдан әрі – мемлекеттік баж) алынады.

Мемлекеттік бажды төлеу және оны төлеу дәлелдері талап қоюға қоса тіркеу талап қоюды сот ісін жүргізуге қабылдау және оны қарау үшін міндетті болып табылады.

Мемлекеттік бажды төлеуші талап қоюшы болып табылады.

Алайда, соттар талап қоюшының емес, жауапкердің мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртекте қоса берген талап қоюларын қабылдайтын жағдайлар бар.

Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша аудандық соты Б. К.-нің некені бұзу туралы Б.Н.-ге қойған талабын іс жүргізуге қабылдаған, ал талап қоюды Б.К. берген, мемлекеттік бажды жауапкер Б. Н. төлеген.

Талап қоюшы сотқа талап қоюды беру кезінде төленген мемлекеттік баж АПК-нің 109-бабының 1-бөлігіне сәйкес талап қоюды қанағаттандыру туралы шешім шығарылған кезде жауапкерден талап қоюшыға алып берілетінін істі зерделеу көрсетті.

Сонымен қатар, талап қоюды қанағаттандыру кезінде некені бұзу туралы талап қоюды беру кезінде мемлекеттік бажды төлеу бойынша сот шығыстары жауапкерден талап қоюшының пайдасына өндіріп алынбайтын жағдайлар бар.

Жетісу облысы, Талдықорған қалалық сотының 2022 жылғы 24 қарашадағы шешімімен С.Т.-нің некені бұзу туралы С.П.-ға қойған талабы қанағаттандырылды. Сот жауапкердің әрекеттері сотқа талап қоюға ықпал еткен жоқ уәждей отырып, талап қоюшының некені бұзу туралы талап қоюды берген кезінде төлеген мемлекеттік бажды жауапкерден өндіріп алған жоқ.

Тағы бір мысал: 2021 жылғы 12 қаңтарда Қарағанды облысының Теміртау қалалық соты А.О.-ның некені бұзу туралы А.Е.-ге қойған талабын қанағаттандыру туралы шешім шығарған. Сот талап қоюшы мемлекеттік бажды төлеуге байланысты шығыстарды өтеуді сұрамағанын алға тартып, сот шығыстарын қайта бөлу туралы мәселені шешпеген.

Кейбір істер бойынша сот шығыстарын өтеуге байланысты мәселе мүлдем қаралмаған және бұл туралы шешімде көрсетілмеген (К.Н.-нің некені бұзу туралы К.А.-ға қойған талабы бойынша Қарағанды облысы, Саран қалалық сотының 2021 жылғы 17 мамырдағы шешімі, К.А.-ның некені бұзу туралы М.Е.-ге қойған талабы бойынша Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы № 2 аудандық сотының 2020 жылғы 27 мамырдағы шешімі).

Соттар мемлекеттік бажды төлеу жөніндегі шығыстарды өтеу туралы мәселенің шешімі АПК-нің 109-бабының бірінші бөлігінің ережелерінде жазылғанын және талап қоюшының бұл туралы мәлімдегеніне немесе

мәлімдемегеніне қарамастан, сот шешімінің қарар бөлігінде көрсетілуге тиістігін есте ұстағандары жөн.

Соттардағы мемлекеттік бажды төлеу туралы мәселелерді шешу бойынша әртүрлі практика Кодекстің 22-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға алименттер өндіріп алынатын жағдайда, яғни алименттер өндіріп алу туралы талаптарды тараптардың ешқайсысы мәлімдемеген кезде де қалыптасқан.

Мәселен, Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданының № 2 аудандық сотының 2020 жылғы 29 маусымдағы шешімімен Г. (Д.) Б.-ның некені бұзу туралы Г.А.-ға қойған талабы қанағаттандырылды. Кәмелетке толмаған баланың тұрғылықты жері жауапкермен бірге екендігі айқындалды. Талап қоюшыдан жауапкердің пайдасына баланы күтіп-бағуға алимент өндірілді.

Бұл ретте, АПК-нің 117-бабындағы тәртіппен мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы мәселені сот алимент өндіріп алу туралы талап қоюдың мәлімделмегеніне сілтеме жасап шешпеген, ал алимент төлеу мөлшері мен тәртібі туралы мәселе Кодекстің 22-бабындағы тәртіппен, яғни заңда тікелей көрсетілуіне байланысты шешілген.

Басқа соттар мұндай талап қою болмаған кезде алименттерді өндіріп алу туралы мәселені шеше отырып, АПК-нің 104-бабы 1-бөлігінің 5) тармақшасын негізге ала отырып, мемлекеттік бажды өндіріп алған.

Мысалы, Орал қаласы сотының 2020 жылғы 5 мамырдағы №2 шешімімен И.А.-ның некені бұзу туралы И.Н.-ге қойған талабы қанағаттандырылған. Неке бұзылды. Кәмелетке толмаған баланың тұрғылықты жері анасымен – жауапкер И.Н.-мен бірге екендігі анықталды, талап қоюшы И.А.-дан жауапкер И.Н.-нің пайдасына кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағуға алименттер өндірілді.

Сот талап қоюшы И.А.-дан мемлекет кірісіне АПК-нің 117-бабы 1-тармағының негізінде 6 258 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірді (талап қою бағасы АПК-нің 104-бабы 1-бөлігінің 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы бойынша орташа айлық жалақыны негізге ала отырып айқындалды).

Салық кодексінің 616-бабының 4) тармақшасына сәйкес алименттерді өндіріп алу туралы талап қою бойынша талапкерлер мемлекеттік бажды төлеуден босатылатындықтан, егер ол заңға сәйкес сот шығыстарын төлеуден босатылмаса, АПК-нің 117-бабының бірінші бөлігіндегі тәртіппен алимент төлеуге міндетті адамнан мемлекеттің кірісіне мемлекеттік бажды өндіріп алу дұрыс болып саналады :

Дауды реттеудің соттан тыс тәртібі сақталмауына байланысты талап қоюды қайтару

Жоғарғы Сот 2021 жылғы 30 қыркүйекте «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына азаматтық және

азаматтық процестік заңнама бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» нормативтік қаулы қабылдады. Оған сәйкес «Соттардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 5 нормативтік қаулысына (бұдан әрі - – Нормативтік қаулы) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Өзгерістер енгізу соттардың кәмелетке толмаған ортақ балалары, сондай-ақ, мүліктік және өзге де талаптарды жоқ ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзу туралы істерді қарауынан туындады, ал Кодекске сәйкес мұндай ерлі-зайыптылардың өзара келісімімен некені бұзу тіркеуші органда жүргізіледі.

Жаңа редакцияда жазылған Нормативтік қаулының 6-тармағына сәйкес, бір-біріне мүліктік және өзге де талаптар қоймайтын және кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы талап қою арызымен сотқа жүгінуі үшін жауапкердің тіркеуші органда некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан бас тартқанын не оның қарсылығының болмауына қарамастан, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарғанын растайтын дәлелдемелерді ұсынуы қажет. Көрсетілген дәлелдемелерді ұсыну талап қоюшының міндеті болып табылады. Мұндай дәлелдемелер болмаған жағдайда осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген дауды реттеудің соттан тыс тәртібінің сақталмауына байланысты АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сілтеме жасалып, арыз қайтарылуы тиіс.

Бұл ретте, жауапкердің тіркеуші органда некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан бас тартқанын немесе оның некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарғанын растау үшін талап қоюшы қандай құжаттарды ұсына алатыны туралы түсіндірулер берілген.

Талдау көрсеткендей, 2020-2021 жылдары соттарда кәмелетке толмаған ортақ балалары мен мүліктік даулар жоқ ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзу туралы істер бойынша практика біркелкі емес.

Кейбір судьялар АХАТ басшыларының екінші жұбайының келмеуіне байланысты арыздың қаралмағаны және сотқа жүгіну ұсынылғаны туралы хаттарын некені тіркеуші органда бұзу мүмкін еместігінің дәлелдемесі ретінде қабылдады және тиісінше неке сот тәртібімен бұзылды, ал басқа судьялар мұндай хаттар жұбайының тіркеуші органға келуден жалтарғанын немесе оның некені бұзуға келіспеуін растамайтынын көрсете отырып, талап қоюларды қайтарған.

Талап қоюшы тіркеуші органда некені бұзу үшін барлық шараларды қабылдаған жағдайларда, соттар талап қоюды қарауға қабылдап, некені бұзған.

Мысал: Қостанай облысы, Федоров аудандық соты К.С.-ның некені бұзу туралы К.В.-ға қойған талабын қабылдаған.

Талап қоюшының тіркеуші органға некені бұзу туралы арызбен бірнеше рет жүгінгені, жауапкердің атына жіберілген хабарлама бар екені анықталған. Алайда, жауапкер некені бұзуға келмеген.

Талап қоюшы өзінің тіркеуші органға жүгіну фактісін, сондай-ақ, екінші жұбайына некені бұзу ниеті туралы хабарлама жібергенін растайтын барлық қажетті дәлелдемелерді ұсынғандықтан, талап қою соттың іс жүргізуіне негізді түрде қабылданды және соттың 2022 жылғы 6 сәуірдегі шешімімен талап қою қанағаттандырылды.

Соттарда жауапкердің некені бұзудан жалтарғанына немесе некені бұзуға келісімінің жоқтығына дәлелдемелердің бар-жоғын тексеруге формальды көзқарасқа жол берілетін, нәтижесінде талап қоюлар өтініш берушілерге негізсіз қайтарылатын жағдайлар орын алады.

Мысал: 2022 жылғы 27 тамызда Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының ұйғарымымен Ф.М.-нің некені бұзу туралы Ф.Т.-ға қойған талабына қатысты іс бойынша Жамбыл облысы, Қордай аудандық сотының 2022 жылғы 17 маусымдағы ұйғарымының күші жойылды.

Бірінші сатыдағы сот соттан тыс тәртіптің сақталмауына байланысты талап қоюды қайтара отырып, талапкердің тіркеуші органға жүгінгенін растайтын дәлелдемелерді ұсынбағанын көрсеткен. Ал талап қоюға жауапкердің некені бұзу ниеті туралы хабарламаны алғаны туралы құжаттар және тіркеуші органға бірлесіп жүгіну жөніндегі ұсыныс қоса берілген.

Талапты негізсіз қайтарудың тағы бір мысалы.

Апелляциялық сатыдағы сот 2021 жылғы 28 қыркүйекте Ю.Ш.-ның некені бұзу туралы Б.А.-ға қойған талабына қатысты іс бойынша Ақтөбе қаласы № 3 сотының 2021 жылғы 21 шілдедегі ұйғарымының күшін жойған.

Жауапкердің некені бұзудан жалтаруының дәлелдемесі ретінде талап қоюға тіркеуші органның жауапкердің некені бұзу үшін АХАТ органдарына бірнеше рет келмегені туралы хабарламасы, сондай-ақ, Б.А.-ның ажырасуға үзілді-кесілді келіспейтіні көрсетілген нотариалды куәландырылған арызы қоса берілген.

Талапкер дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін сақтаудың жеткілікті дәлелдемелерін ұсынғанына қарамастан, бірінші сатыдағы сот АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сілтеме жасай отырып, талап қоюды негізсіз қайтарған.

Кодекстің 17-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес егер ерлі-зайыптылардың біреуін қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға соттаса, неке (ерлі-зайыптылық) ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балаларының болуына қарамастан, ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша тіркеуші органдарда бұзылады.

Осы норманы қолдану соттарда қиындықтар туғызбайды, алайда, материалдық құқық нормаларын дұрыс қолданбау жағдайлары да бар.

Қарағанды облысы, Сәтпаев қалалық сотының 2021 жылғы 25 наурыздағы шешімімен Б.М.-ның некені бұзу туралы Б.А.-ға қойған талабы қанағаттандырылды. Іс материалдарынан тараптардың кәмелетке толмаған екі баласы бар екендігі, жауапкер қылмыс жасағаны үшін 2018 жылғы 19 қазаннан бастап қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемелерінде жазасын өтей отырып, 5 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға сотталғаны туындайды.

Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы сот шешімінің күшін жоя отырып, 2021 жылғы 28 маусымдағы қаулысында Кодекстің 17-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес осы іс бойынша тараптар арасындағы неке тіркеуші органдарда бұзылуға тиіс екенін көрсетті.

АПК-нің 277-бабы 1) тармақшасының негізінде істің азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатпауына байланысты іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды. Б.М.-ге тіркеуші органға некені бұзу туралы арыз беру құқығы түсіндірілді.

Соттардың практикасында АПК-нің 277-бабының 1) тармақшасы негізінде некені бұзу туралы іс бойынша іс жүргізуді негізсіз тоқтату орын алған.

Мәселен, М.И. жауапкердің некені бұзуға қарсылығы жоқтығына қарамастан, тіркеуші органға келмей жүргенін көрсетіп, Ч.Т.-ға некені бұзу туралы қойған талабымен жүгінді.

Апелляциялық сатыдағы сот өзгеріссіз қалдырған Павлодар қалалық сотының 2021 жылғы 19 наурыздағы ұйғарымымен іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шешілуге жатпайтындықтан, іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған.

Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата отырып, соттар Кодекстің 238-бабына сәйкес кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ және бір-біріне мүліктік талаптар қоймайтын тараптар арасындағы некені бұзу тіркеуші органда шешілетіндігімен уәждеген.

Ал Кодекстің 19-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, егер ерлі-зайыптылардың біреуі өзінің қарсылығы болмауына қарамастан, өз әрекеттерімен не әрекетсіздігімен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарған жағдайларда, неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылады.

Жоғарғы Сот жергілікті соттар іс бойынша іс жүргізуді негізсіз тоқтатып, М.И.-дың сот арқылы қорғалуға конституциялық құқығынан айырғанын көрсетіп, істі мәні бойынша қарау үшін бірінші сатыдағы сотқа жібере отырып, жергілікті соттардың ұйғарымдарының күшін жойды. Соттар некені бұзу туралы талап қоюды қарау азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен жүзеге асырылатынын ескермеген.

Қорыту барысында талап қоюшылар тіркеуші органға жүгінбей, құқықтарын теріс пайдалана отырып, құны елеусіз мүлікті бөлу бойынша даудың бар екенін көрсетіп, істі сотта қарауды сұраған фактілер анықталды. Соттар мұндай талап қоюларды қарау үшін қабылдауға міндетті.

Мысал: 2022 жылы Өскемен қалалық сотына Г.Н.-нің некені бұзу және бірлесіп жинаған мүлікті бөлу туралы Ц.А.-ға қойған талабы түсті. Тараптардың ортақ балалары жоқ, некелік қатынастары тоқтаған. Талап қоюшы құны 79 000 теңге тұратын бірлесіп жинаған мүлкі – ұялы телефон бар екенін көрсетіп, оны бөлуді және некені сот тәртібімен бұзуды сұраған.

Соттың 2022 жылғы 26 мамырдағы шешімімен талап қанағаттандырылды, неке бұзылды және ұялы телефонды жауапкерде қалдыру және талапкердің пайдасына $\frac{1}{2}$ құнын, яғни 39 500 теңгені өндіріп алу жолымен мүлік бөлінді.

Басқа жағдайларда, істі қарау кезінде талап қоюшылар мүлікті бөлу бөлігінде талап қоюдан бас тартады, бірақ сотта некені бұзуды талап етеді.

Мәселен, Талдықорған қалалық сотының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы ұйғарымымен Т.З.-ның некені бұзу және бірлесіп жинаған мүлікті бөлу туралы Т.Т.-ға қойған талабы қараусыз қалды.

Даудың мән-жайлары бойынша тараптар 1996 жылдан бастап тіркелген некеде тұрады, неке қатынастары іс жүзінде тоқтатылған, кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ, жауапкер некені ерікті түрде тіркеуші органда бұзудан бас тартады.

Сот талап қоюды іс жүргізуге қабылдаған, өйткені талап қоюшы бірлесіп сатып алынған мүлікті (тұрмыстық техниканы) бөлуді көрсеткен.

Кейіннен талап қоюшының арызы бойынша мүлікті бөлу бөлігінде талап қою қараусыз қалдырылды, бұл тараптар арасында мүліктік даудың жоқтығын куәландырады, ал талап қоюшы жауапкердің некені тіркеуші органда бұзудан жалтарғанына және оның аталған органға келу қажеттігі туралы тиісті хабардар етілгеніне дәлелдемелерді ұсынбағандықтан, талап қою дауды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін қараусыз қалдырылған.

Мұндай жағдайда талап қоюды қараусыз қалдырудың негізділігі күмән тудырады, өйткені некені бұзу туралы талап қоюды беру кезінде мүлік жөнінде дау болды, мемлекеттік баж төленді, бәрі ресми түрде Кодекске сәйкес келеді және некені бұзу туралы талап қоюды қараусыз қалдыруға негіз жоқ, талап қоюшы соттан тыс тәртіпті сақтамауы керек еді, өйткені некені бұзу туралы талап қою мүліктік дау болған кезде тиісті түрде берілген.

Істерді зерделеу көрсеткендей, талап қоюшылар мүліктік даудың болуы туралы талап қоюда дауды сотта тез және үнемді шешу мақсатын (мерзімдері, мемлекеттік баж) көздей отырып, тіркеуші органдарға жүгінуден қашады.

Кодекстің 17-бабының 1-тармағына сәйкес кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға өзара келісімі кезінде және бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болмаған кезде тіркеуші органдарда неке (ерлі-зайыптылық) бұзылатын болады.

Мүлікті бөлу – ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары, ал некені бұзу – жеке мүліктік емес құқықтар болғандықтан, кәмелетке толмаған балалар болмаған кезде некедегі жағдай мен некені тоқтату тек ерлі-зайыптылардың құқықтарын қозғайды, сондықтан оларды жүзеге асыру мүмкіндігі неке кезінде пайда болған ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтарымен байланысты болмауы тиіс. Оның үстіне, мүлікті бөлу неке бұзылғаннан кейін де жүзеге асырылуы мүмкін және ерлі-зайыптылар некеде тұрған кезеңде де мұндай дау орын алуы мүмкін, бірақ бұл ретте Кодекс мүлікті бөлу туралы талап қою құқығын және мұндай бөлу мүмкіндігін тек сот тәртібімен, некені бұзу туралы талап қоюмен байланыстырмайды. Сондықтан мүліктік талаптар болған кезде тіркеуші органның некені бұзу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды.

Осыған байланысты Кодекске 17-баптың 1-тармағынан «және бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болмаған кезде» деген сөздерді алып тастау, сондай-ақ 19-баптың 2-тармағының 4) тармақшасын алып тастау жолымен өзгерістер енгізу қажет.

Статистикалық деректерді талдау талап қоюшылардың ерлі-зайыптыларда кәмелетке толмаған балалары және мүліктік даулары болмаған кезде некені бұзу туралы дауды реттеудің соттан тыс тәртібі сақталмауына байланысты, оның ішінде, бұған дейін талап қоюларды судьялар осы негіздер бойынша қайтарған кезде, сол талап қоюшыдан талап қоюдың бірнеше мәрте келіп түсуіне байланысты қайтарылған талап қоюлар санының ұлғайғанын көрсетті.

Мәселен, Ж.Г.-ның некені бұзу туралы Ж.Л.-ға қойған талабы Қарағанды қаласының Октябрь аудандық сотына алғаш рет 2021 жылғы 27 мамырда келіп түсті, осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген дауды сотқа дейінгі немесе соттан тыс реттеу тәртібінің сақталмауына байланысты АПК-нің 152-бабы 1-бөлігінің 1) тармақшасы негізінде қайтарылды және осы тәртіпті қолдануға мүмкіндік бар. Осы талап қою 2021 жылғы 19 шілдеде сотқа қайта келіп түсті, сол негіздер бойынша қайтарылды. Үшінші рет талап қою сотқа 2021 жылғы 5 тамызда түсті және АПК-нің 152-бабы 1-бөлігінің 1) тармақшасы негізінде қайтарылды.

Ұқсас мысалдар басқа соттарда да бар.

Нормативтік қаулының 2-тармағына сәйкес некені бұзу туралы талап қоюға неке (ерлі-зайыптылық) туралы куәліктің түпнұсқасы, балалардың туу туралы куәліктердің көшірмелері, еңбекақы және ерлі-зайыптылардың кіріс әкелетін басқа да табыс көздері туралы құжаттар, басқа да қажетті құжаттар қоса тіркеледі. Талап қою арызы электрондық форматта берілген кезде неке қию (ерлі-

зайыптылық) туралы куәліктің түпнұсқасы сотқа талап қою арызы соттың іс жүргізуіне қабылданғанға дейін ұсынылуы тиіс. Неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәліктің түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда арыз қайтарылуға жатады.

Жоғарыда келтірілген норманы талдау судьяның талап қоюды сот ісін жүргізуге қабылдау кезінде некені бұзу туралы талап қоюдың нысаны мен мазмұны бойынша АПК талаптарына сәйкестігін тексеруге және заңнамада көзделген барлық құжаттардың өтінішке қоса тіркелгеніне көз жеткізуге міндетті екенін көрсетеді. Кері жағдайда мұндай өтініш АПК-нің 152-бабының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен 152-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сілтеме жасай отырып қайтарылуға тиіс.

Мысал: А.А. некені бұзу туралы Г.Ж.-ға қойған талабымен сотқа жүгінді.

Атырау қалалық сотының 2022 жылғы 21 ақпандағы ұйғарымымен неке қию туралы куәліктің түпнұсқасы ұсынылмауына байланысты талап қою барлық қоса берілген құжаттармен қайтарылды.

Соттардың неке қию туралы куәліктің түпнұсқасын ұсынбау негіздері бойынша талап қоюдан бас тарту туралы шешім шығару фактілері орын алады, ал осы құжатты ұсынбаудың өзі мәлімделген талап қоюдың негізсіздігін куәландыра алмайды.

Мәселен, Ақтөбе қаласы сотының 2021 жылғы 9 қарашадағы шешімімен Қ.З-ның некені бұзу туралы жауапкер Н.М.-ге қойған талабын қанағаттандырудан бас тартылды. Шешімнің мазмұнынан талап қоюды қанағаттандырудан бас тарту үшін неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәліктің түпнұсқасының ұсынылмауы негіз болып табылғаны туындайды.

Неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәліктің түпнұсқасы ұсынылмауына байланысты ғана талап қоюды қанағаттандырудан бас тарту заңсыз болып табылады, өйткені сот мәлімделген талап негізсіз болған жағдайда Кодексте көзделген негіздер бойынша да талап қоюды қанағаттандырудан бас тарта алады.

Осы іс бойынша істі сот талқылауына дайындау тәртібімен судья неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәліктің түпнұсқасын талап етуі тиіс еді.

АПК-нің 152-бабы 1-бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес егер талап қою осы Кодекстің 148-бабының, 149-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 5) тармақшаларының, 1-1-бөлігінің талаптарына сәйкес келмесе және істі сот талқылауына дайындау сатысында кемшіліктерді жоюдың мүмкін еместігі анықталатын болса, судья талап қоюды қайтарады.

Істі сот талқылауына дайындау

Нормативтік қаулының 3-тармағына сәйкес некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істі соттың қарауына бергенде оларды тиянақты тексеріп дайындауға міндетті. Судья арызды қабылдағаннан кейін, әдетте, ерлі-зайыптының екіншісін шақырып алып, бұл арызға оның көзқарасын, ерлі-зайыптылардың сот арқылы шешілетін басқа да даулы мәселелерін анықтап, олардың талаптарының қайсысы некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы талаппен бірге қаралуы мүмкін екенін түсіндіруі тиіс.

Сот практикасын зерделеу судьялардың істерді сот талқылауына дайындауға формальды қарайтынын көрсетті.

Көп жағдайда судьялар істерді сот талқылауына дайындау туралы ұйғарымды істі дайындау жөніндегі нақты әрекеттерді көрсетпей, үйреншікті тәсілмен шығарады, кейбір судьялар ұйғарымдарды басқа істерден көшіреді.

Мәселен, Б.Э.-нің некені бұзу туралы С.А.-ға қойған талабына қатысты азаматтық іс бойынша сот талқылауына істі дайындау туралы 2020 жылғы 19 ақпандағы ұйғарымда судья тиісті емес жауапкер – Алматы қаласының әкімдігін ауыстыру туралы, іс бойынша сараптама тағайындау туралы мәселені шешу қажеттігін және некені бұзу туралы іс бойынша жасалмайтын басқа да әрекеттерді көрсеткен.

Қостанай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы 2020 жылғы 1 қыркүйекте істі сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланбаған жауапкердің қатысуымен қаралуына байланысты сот шешімінің күшін жойды.

Б-К.В.-ның некені бұзу туралы К.В.-ға талабына қатысты іс бойынша Қостанай қалалық сотының 2020 жылғы 17 сәуірдегі ұйғарымынан осы іс бойынша сотқа дейінгі дайындық формальды жүргізілгені туындайды. Жауапкерге талап қоюдың келіп түскені туралы хабарланбаған, сотқа шақырылмаған, оның некені бұзу туралы арызға көзқарасы анықталмаған.

Соған қарамастан, сот істі оның қатысуынсыз қараған.

Істі қарау мерзімдерінің сақталуы

Кодекстің 19-бабының 3, 4-тармақтарына сәйкес ерлі-зайыптылар некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы сотқа арыз берген күннен бастап бір ай өткен соң неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылады. Ерекше жағдайларда сот осы баптың 3-тармағында көрсетілген мерзім өткенге дейін некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға құқылы.

Қорыту барысында кейбір судьялар жоғарыда аталған заң талаптарын бұза отырып, некені бұзу туралы шешімді бір ай мерзім аяқталғанға дейін қабылдағаны анықталды.

Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының Аққайың аудандық соты И.Л.-дің некені бұзу туралы И.В.-ға қойған талабына қатысты азаматтық іс бойынша шешімді 2020 жылғы 14 шілдеде шығарған, ал талап қою сотқа 2020 жылғы 16 маусымда келіп түскен.

Б.Ю.-дің некені бұзу туралы Б.С.-ға қойған талабына қатысты іс осыған ұқсас. Талап қою 2021 жылғы 20 қаңтарда келіп түскен, шешім 2021 жылғы 17 ақпанда шығарылған.

Көрсетілген сот актілерінің мазмұнынан заңда белгіленген мерзім өткенге дейін некені бұзуға мүмкіндік беретін ерекше негіздер болғаны туындамайды.

Кодекстің 19-бабының 4-тармағы да, Нормативтік қаулы да арыз берілгеннен кейін бір ай өткенге дейін ерекше деп жатқызуға және некені бұзуға болатын мән-жайлардың тізбесін келтірмейтінін атап өткен жөн.

Татуластыру рәсімдері

Кодекстің 20-бабына және Нормативтік қаулының 10-тармағына сәйкес соттар ерлі-зайыптылардың біреуінің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға келісімі болмаған жағдайда ғана ерлі-зайыптыларды татуластыру шараларын қолданады және ерлі-зайыптыларға алты ай шегінде татуласу мерзімін белгілей отырып, істі талқылауды кейінге қалдырады.

Қорыту көрсеткендей, некені бұзу туралы талап қоюлардың көп бөлігі тараптардың татуласуына байланысты АПК-нің 279-бабының 8) тармақшасының негізінде талап қоюшының өтініші бойынша қараусыз қалдырылды, сондай-ақ соттар тараптар татуласқан жағдайда талап қоюдан бас тартуды қабылдады және іс бойынша іс жүргізуді тоқтатты.

Алматы қаласы, Наурызбай аудандық сотының 2021 жылғы 27 қыркүйектегі ұйғарымымен ерлі-зайыптылар Ж.А. мен Ж.К.-ға отбасын сақтау мақсатында бір ай мерзім берілді. Осы мерзім өткеннен кейін тараптардың татуласуына байланысты талап қою қараусыз қайтарылды.

Тағы бір мысал: Орал қаласының № 2 соты Д.М.-нің некені бұзу туралы Д.А.-ға қойған талабына қатысты іс бойынша тараптарға татуласуға 1 ай мерзім берді, оның нәтижелері бойынша 2021 жылғы 10 наурызда талап қоюшыдан ерлі-зайыптылардың татуласуына байланысты талап қоюды қараусыз қалдыру туралы арыз келіп түсті.

Алайда, егер сот тағайындаған мерзім өткеннен кейін ерлі-зайыптылар татуласпаса және олардың кем дегенде біреуі некені тоқтатуды талап етсе, соттар Кодекстің талаптарына сәйкес некені бұзады.

Қорыту көрсеткендей, соттар татуласуға мерзім берумен қатар, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеуге шаралар қолданады.

АПК-нің 174-бабының 1, 2-бөліктеріне сәйкес сот тараптардың татуласуына шаралар қабылдайды, оларға дауды процестің барлық сатысында реттеуде жәрдемдеседі. Тараптар татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап не АПК-де белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады.

«Медиация туралы» Заңның 1-бабына сәйкес медиация рәсімі азаматтық құқықтық қатынастардан туындайтын дауларға, сондай-ақ, еңбек және отбасылық құқықтық қатынастардан туындайтын дауларға қолданылуы мүмкін.

Мәселен, Алматы қаласының Түрксіб аудандық соты Х.А.-ның Т.Т.-ға қойған талабына қатысты іс бойынша 2021 жылғы 22 сәуірде некені бұзу туралы шешім қабылдады.

Бұл ретте, сот талқылауы барысында тараптар кәмелетке толмаған екі баланың тұрғылықты жерін анықтау, оларды күтіп-бағу және тәрбиелеу мәселелері бойынша медиативтік келісімге қол жеткізді, осыған байланысты сот медиативтік келісімді осы бөлігінде бекіту туралы ұйғарым шығарды.

Алайда, тараптар іс жүзінде татуласқан кезде медиативтік келісімдерді бекіту орын алады.

Бұл ретте, медиативтік келісімдерде мынадай шарттар көрсетілген:

«Тараптар бір-біріне тиісті түрде көңіл бөлуге, бір-біріне құрметпен және түсіністікпен қарауға, балаларды тәрбиелеуде моральдық тұрғыдан көмектесуге, отбасында тиісті атмосфераны сақтауға міндеттенеді»,

не: «Талап қоюшы талап қоюдан бас тартады, ал жауапкер теріс әрекеттерді тоқтатуға және отбасын сақтауға міндеттенеді».

Медиативтік келісімдерде және сот актілерінде көрсетілген мұндай шарттарды мәжбүрлеп орындату мүмкін емес, өйткені оларда көрсетілген әрекеттер дау тарапының жеке басымен тығыз байланысты, оларды ерікті неке одағында жасауға мәжбүрлеу мүмкін емес және мұндай келісімдер «Медиация туралы» Заңның 27-бабының талаптарына сәйкес келмейді.

Басқа судьялар талап қоюшының талап қоюдан бас тартқанын көрсететін медиациялық келісімдерді бекітеді, медиациялық келісімнің ешқандай шарттарын келтірмейді.

Мұндай жағдайда сот талап қоюдан бас тартуды қабылдап, іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуы немесе талап қоюды қайтару туралы арыз беру құқығын түсіндіруі керек еді.

Талап қоюшы талап қоюдан бас тартқан жағдайларда соттар тараптарға тараптардың татуласуына орай некені бұзу туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтатудың салдарын және басқа негіздер бойынша сотқа қайта жүгіну мүмкіндігін түсіндіруі керек.

Нормативтік қаулының 23-тармағына сәйкес некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу жөніндегі шешім шығарылғаннан кейін ерлі-зайыптылар татуласқан жағдайда және бұл туралы олардың жазбаша арызы болса, сот өз ұйғаруымен шешімнің орындалуын, ол заңды күшіне енгенге дейін тоқтатуға құқылы.

Мұндай жағдайларда соттар шешімнің орындалуын тоқтататыны анықталды.

Мысал: Көкшетау қалалық сотының 2021 жылғы 18 наурыздағы шешімімен Б.О.-ның некені бұзу туралы Б.Г.-ға қойған талабы қанағаттандырылды. 2021 жылғы 26 наурызда, яғни шешім заңды күшіне енгенге дейін, екі тараптан да татуласып, некені бұзғысы келмейтіндіктен, шешімді орындауға жібермеу туралы арыз келіп түскен.

Көкшетау қалалық сотының 2021 жылғы 30 наурыздағы ұйғарымымен жоғарыда көрсетілген сот шешімінің орындалуы тоқтатылды. Неке қию туралы куәліктің түпнұсқасы талап қоюшыға қайтарылды, осылайша неке сақталды деп саналады.

Соттар тараптарға Нормативтік қаулының 23-тармағының ережелерін және сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін татуласқан кезде сот шешімінің орындалуын тоқтату туралы арызбен жүгіну мүмкіндігін түсіндіруі керек.

Сот шешімі заңды күшіне енгендіктен, неке бұзылған деп саналмайды, сондықтан тараптар некені бұзу туралы талаппен сотқа қайта жүгінуге құқылы.

Істерді қарау практикасы

Нормативтік қаулының 11-тармағына сәйкес, соттар некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істі, әдетте, ерлі-зайыптылардың екеуінің қатысуымен қарауға тиісті. Тараптардың өзара қатынастарын, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы мәселенің себептерін, ерлі-зайыптылардың арасындағы алауыздықтың нағыз себептерін жан-жақты анықтау қажет. Алайда, ортақ кәмелетке толмаған балалары бар ерлі-зайыптылардың арасында некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу жөнінде өзара келісім болса, ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болмаған кезде, сондай-ақ, егер ерлі-зайыптылардың біреуі некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға арыз берсе, ал екіншісі қарсылығының жоқтығына қарамастан өзінің әрекеттерімен не әрекетсіздігімен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарса, сот некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудың себептерін анықтамай-ақ некені бұзады. Көрсетілген жағдайларда некені бұзу екі айға дейінгі мерзімде жүргізіледі (АПК-нің 183-бабы).

Кодекстің 22-бабының 2-тармағына сәйкес егер ерлі-зайыптылар арасында осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша келісім болмаған жағдайда, сондай-ақ, осы келісім балалардың немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мүдделерін бұзатындығы анықталған жағдайда, сот:

- 1) неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін кәмелетке толмаған балалар ата-аналарының қайсысымен тұратындығын айқындауға;
- 2) ата-аналардың қайсысы және қандай мөлшерде балаларды күтіп-бағуға алименттер төлейтінін айқындауға;
- 3) кәмелетке толмаған балалардың және (немесе) ерлі-зайыптылардың өздерінің мүдделерін ескере отырып, ерлі-зайыптылардың талап етуі бойынша олардың бірлескен ортақ меншігіндегі мүлікті бөлуге;

4) жұбайынан ақша қаражатын алуға құқығы бар екінші жұбайдың талап етуі бойынша осы қаражат мөлшерін айқындауға;

5) ата-ананың баламен қарым-қатынас жасау тәртібін анықтауға міндетті (5-тармақша 2023 жылғы 27 наурыздағы Заңға сәйкес толықтырылды және 2023 жылғы 8 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді).

Нормативтік қаулының 13-тармағына сәйкес, ерлі-зайыптылар арасында жоғарыдағы мәселелер бойынша келісім болмаған жағдайда, сондай-ақ, сотқа ұсынылған келісім балалардың мүддесіне қайшы келген жағдайда, сот неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін кәмелетке толмаған балалар ата-анасының қайсымен тұратынын, балаларды асырау үшін ата-ананың қайсысынан және қандай мөлшерде алимент өндірілетінін анықтауға міндетті. Сондай-ақ, сот балалардан бөлек тұратын ата-ана балаларды тәрбиелеуге қатысуға міндетті және олармен араласуға құқықты екенін, ал екінші ата-анасы бұған кедергі жасауға құқығы жоқ екенін түсіндіруі тиіс. Бұл туралы сот отырысының хаттамасында жазылады.

Сот практикасынан шешім шығарылып, барлық аяқталған істер бойынша соттар некені бұзу туралы талап қоюларды, әдетте, қанағаттандырғаны туындайды. Соттар некені (ерлі-зайыптылықты) зайыбының жүктілігі кезеңінде және бала туғаннан кейінгі бір жыл ішінде оның келісімінсіз бұзуға болмайтынын көздейтін Кодекстің 16-бабының 2-тармағына сәйкес талап қоюдан бас тартты.

Мәселен, Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық сотының 2022 жылғы 19 шілдедегі шешімімен Кодекстің 16-бабының 2-тармағына сілтеме жасай отырып, Е.Е.-нің некені бұзу туралы Д.К.-ға қойған талабын қанағаттандырудан бас тартылды, өйткені ортақ баласының алғашқы өмірінің жылында жұбайының келісімінсіз некені бұзуға болмайды.

Азаматтық істерді зерделеу соттар неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін кәмелетке толмаған балалардың кіммен бірге тұратыны туралы тараптардың келісімінің немесе алименттер төлеу туралы келісімнің, не сот актісінің болмауына қарамастан, бұл мәселелерді заң талаптарына сәйкес келмейтін әртүрлі себептерді көрсете отырып, әрқашан шеше бермейтінін көрсетті.

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының № 2 сотының 2021 жылғы 29 қарашадағы шешімімен Б.А.-ның некені бұзу туралы Б.М.-ға қойған талабы қанағаттандырылды. Кәмелетке толмаған баланың тұрғылықты жері анасы Б. А.-мен бірге екендігі анықталды.

Кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағуға алименттерді өндіріп алу туралы мәселеге шешілмеген. Сот шешімнің уәждеу бөлігінде жауапкер алиментті өз еркімен төлейтінін көрсеткен, бұл оның алимент төлеуге келісімі бар екенін дәлелдейді.

Алайда, Кодекстің 22-бабы 2-тармағының 2) тармақшасын бұза отырып, сот кәмелетке толмаған баланы асырап-бағуға алименттер қандай

мөлшерде, қандай тәртіппен және қандай мерзімде кімнен және кімнің пайдасына өндіріп алуға жататыны туралы мәселені шешпеген.

Тағы бір мысал: Жетісу облысы, Талдықорған қалалық сотының 2022 жылғы 10 қарашадағы шешімімен С.М.-нің некені бұзу туралы Ж.М.-ға қойған талабы қанағаттандырылды. Кәмелетке толмаған балалардың тұратын жері анасы С.М.-мен бірге екендігі анықталды. Бір кәмелетке толмаған балаға қатысты әке болу дауланып жатқандықтан, ал талап қоюшы алимент өндіріп алуды сұрамағандықтан, шешімде алименттер өндіріп алу мәселесі шешілмегені көрсетілген.

Соттың бұл шешімі кәмелетке толмаған баланың мүдделерін бұзады.

Сот әке болуды даулау туралы арыздың өзі кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағуға алименттерді өндіріп алуға кедергі келтірмейтінін ескермеген. Алименттер төлеу жөніндегі міндеттің жоқтығын сот адамның баланың әкесі болып табылмайтыны анықталған сот шешімі болған кезде анықтай алады.

Осы іс бойынша әке болуды даулау туралы талап қою мәлімделмеген.

Нормативтік қаулының 13-тармағына сәйкес, егер балаларға алимент өндіру туралы талап қоюды талқылаған кезде, екінші тарап туу туралы актідегі баланың әкесі немесе анасы жөніндегі жазбаға дауласса, онда бұл екі талап, оларды жеке іс жүргізуде қарау үшін, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істен бөлек шығарылады.

Судьялар талап қоюдың шегіне сілтеме жасай отырып, Кодекстің 22-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді шешпейтін жағдайлар бар.

Мысал: Алматы қаласы, Медеу аудандық сотының 2022 жылғы 20 сәуірдегі шешімімен Б.К. мен С.К. арасындағы неке бұзылды. Кәмелетке толмаған баланы күтіп бағуға алимент өндірілген жоқ. Сот талап қоюда тек некені бұзу туралы мәлімделгенін және АПК-нің 225-бабының 2-бөлігіне сәйкес соттың талап қоюдың шегінен шығуға құқылы еместігін көрсеткен.

Жоғарыда айтылғандар судьяның «Сот шешімі туралы» Жоғарғы Соттың 2003 жылғы 11 шілдедегі № 5 нормативтік қаулысын заңсыз қолданбағанын куәландырады, оның 16-тармағында соттың мәлімделген талаптардың шегінен заңда тікелей көзделген жағдайларда ғана шығуға құқығы бар екені түсіндірілген. Кодекстің 22-бабында сот некені бұзу кезінде кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағу және неке бұзылғаннан кейін олардың тұратын жері мәселелерін шешуге міндетті екендігі көзделген.

Басқа жағдайда, Астана қаласының «Байқоңыр» ауданының соты Э.Д. мен Э.В. арасындағы некені бұзу туралы істі қарап, 2022 жылғы 17 маусымдағы шешімінде 2005 жылғы 5 қаңтарда туған кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағуға алимент өндіріп алу мәселесі шешілмегенін, өйткені оның жақында 18 жасқа толатынын көрсеткен.

Практикада некені бұзу туралы талап қоюды қарау барысында ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған балалары болған кезде некені бұзу туралы дауды қарайтын сот кәмелетке толмаған балалардың ата-аналарының

қайсысымен бірге тұратынын анықтауға міндетті екендігі көзделген Кодекстің 22-бабының талаптарын бұза отырып, сотқа некені бұзу туралы талап қою түскен кезде судьялар баланың тұрғылықты жерін анықтау туралы талаптарды бөліп, осындай дауды соттылығы бойынша ювеналды соттың шешуіне берген жағдайлар анықталды.

Баланың тұрғылықты жерін және оны күтіп-бағуды айқындауға байланысты мәселелерді шешудің міндеттілігі туралы талаптарды апелляциялық қарау кезінде де бұзуға жол берілген.

Мәселен, Б.А.-ның некені бұзу туралы С.С.-ға талап қоюы бойынша Атырау қалалық сотының 2022 жылғы 25 ақпандағы шешімі апелляциялық тәртіппен қайта қаралды. Бірінші сатыдағы сот некені бұзды, кәмелетке толмаған баланың тұрғылықты жері анасымен бірге екендігі анықталды және жауапкер С.С.-ден талап қоюшы Б.А.-ның пайдасына кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағуға алименттер өндірілді

Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 2 маусымдағы қаулысымен баланың анасымен бірге тұратын жерін айқындау және алименттер өндіріп алу туралы талап қоюды қанағаттандыру бөлігінде сот шешімінің күші жойылды. Кәмелетке толмаған баланың тұрғылықты жері әкесі С.С.-мен бірге екендігі анықталды.

Бұл ретте, апелляциялық сатыдағы сот кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағуға алименттерді өндіріп алу туралы мәселені шешпей, баланың әкесі алимент өндіріп алуды сұрамайтынын көрсеткен.

Тағы бір мысал: Алматы облысы, Іле аудандық сотының 2022 жылғы 10 наурыздағы шешімімен Д.С.-ның А.М.-ға некені бұзу туралы талап қоюы қанағаттандырылды. Кәмелетке толмаған балалар анасымен бірге тұруға қалдырылады. Талап қоюшы Д.С.-дан кәмелетке толмаған балаларды асырауға алименттер өндірілді. Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 2 маусымдағы қаулысымен шешім өзгертілді. Д.С.-дан алименттер өндіріп алу бөлігінде күші жойылды. Апелляциялық сатыдағы сот өз қаулысында тараптар алименттер өндіріп алу туралы талап қоюды мәлімдемегендіктен, олар балаларды күтіп-бағуы туралы мәселені ерікті түрде шешкендіктен, талап қоюшыға кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға алименттерді төлеу жөніндегі міндеттерді жүктеу негізсіз болып табылатындығын уәждеп келтірген.

Басқа іс бойынша Алматы облысы, Іле аудандық сотының 2022 жылғы 28 ақпандағы шешімімен Д.М.-нің некені бұзу туралы А.Е.-ге талап қоюы қанағаттандырылған. Кәмелетке толмаған бала әкесімен бірге тұруға қалдырылады. Талап қоюшы Д.М.-нан кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағуға алименттер өндірілді.

Алматы облыстық соты алқасының 2022 жылғы 04 мамырдағы қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгертілді. Д.М.-нан алименттер өндіріп алу бөлігінде алименттер өндіріп алу туралы талап қою

мәлімделмегендіктен және баласы бірге тұруға қалдырылған жауапкер қызын күтіп-бағуға алименттен бас тартқандығына байланысты күші жойылды.

Ал «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Жоғарғы Соттың 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 нормативтік қаулысының 14-тармағына сәйкес талап қоюшының баланы күтіп-бағу үшін алименттер өндіріп алудан бас тартуы заңға қайшы келеді және баланың құқықтарын бұзады.

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қалалық сотының 2021 жылғы 8 шілдедегі шешімімен М.Е.-нің М.О.-ға қойған некені бұзу туралы талап қоюы қанағаттандырылды. Сот алименттер өндіріп алу және балалардың тұрғылықты жері туралы мәселелерді шешпеген.

Апелляциялық шағымда жауапкер соттың Кодекстің 22-бабының талаптарын бұзғанын көрсеткен. Алайда, Шығыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 14 қазандағы қаулысымен жауапкердің дәлелдері негізсіз деп танылған және шешім өзгеріссіз қалдырылған.

Жергілікті соттардың талдауларында, егер ата-аналардың әрқайсысының қолында балалар қалатын жағдайда, кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға алименттер өндіріп алу туралы мәселелер көрсетілген.

Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық сотының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы шешімімен К.А.-ның Ж.Б.-ға некені бұзу туралы талап қоюы қанағаттандырылды. Тараптар алименттер өндіріп алу туралы талап қоюды мәлімдемеген. Сот кәмелетке толмаған екі баланың әкесімен, ал бір баланың анасымен бірге тұратынын анықтап, Ж.Б.-дан К.А.-ның пайдасына екі баланы күтіп-бағуға оның табысының 1/3 бөлігі мөлшерінде, ал К.А.-дан Ж.Б.-ның пайдасына бір кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағуға оның табысының 1/4 бөлігі мөлшерінде алименттер өндіріп алды.

Бұл жерде Кодекстің 141-бабының 4-тармағына сәйкес, егер ата-аналардың әрқайсысының қолында балалар қалатын болса, алименттің мөлшері оның біреуінен аз қамтылған екіншісінің пайдасына тұрақты ақша сомасында белгіленеді.

Бұл жағдайда алиментті тұрақты ақша сомасында өндіріп алу туралы мәселені шешу қажет болғандықтан, онда, егер ата-аналардың әрқайсысының қолында балалар қалатын болса, аз қамтылған жұбайы тиісті дәлелдемелерді ұсына отырып, сотқа талап қоюмен жүгінуге құқылы екенін тараптарға түсіндіру қажет.

Егер некені бұзу туралы талап қою тараптарының ешқайсысы алимент өндіріп алу туралы талапты мәлімдемеген жағдайда, соттар

алименттер өндіріп алу мерзімін бастау туралы мәселені шешуде әр түрлі көзқарасты ұстанады.

Кейбір соттар Кодекстің алимент сотқа өтініш жасалған кезден бастап тағайындалатыны туралы 164-бабының ережелерін негізге ала отырып, некені бұзу туралы талап қоюмен сотқа жүгінген күннен бастап өндіріп алады, ал басқалары сот шешімі шығарылған күннен бастап өндіріп алу мерзімінің басталуын белгілейді.

Мысал: Ақтөбе қаласының № 3 сотының 2022 жылғы 15 наурыздағы шешімімен Ш.К.-ның Ш.А.-ға некені бұзу туралы талап қоюы қанағаттандырылды.

Ш.А.-дан Ш.К.-ның пайдасына кәмелетке толмаған екі баланы асырап-бағуға алименттер сотқа талап қою түскен сәттен, яғни, 2022 жылғы 7 ақпаннан бастап өндірілді.

Тағы бір мысал: Атырау қалалық сотының 2022 жылғы 7 маусымдағы шешімімен Т.А.-ның Т.У.-ға некені бұзу туралы талап қоюы қанағаттандырылды. Сот Т.У.-дан Т.А.-ның пайдасына кәмелетке толмаған баланы күтіп-бағуға алименттерді өндіріп ала отырып, некені бұзу туралы талап қою кезінде және істі қарау барысында талап қоюшы алименттер өндіріп алу туралы талапты мәлімдемегендіктен, алименттерді өндіріп алу мерзімі 2022 жылғы 7 маусымнан, яғни, некені бұзу туралы шешім шығарылған күннен бастап есептелуі керек екенін көрсеткен.

Осылайша, соттарда алименттерді өндіріп алу туралы талаптар болмаған кезде кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға алименттерді өндіріп алу мерзімінің басталуын есептеу мәселесі қиындық тудыртады, өйткені заң шығарушы талап қоюды берген сәттен бастап алименттерді өндіріп алуды көздейді, ал көрсетілген істер бойынша тараптар мұндай талаптарды мәлімдемеген.

Кодекстің 164-бабының 2-тармағына сәйкес алимент сотқа өтініш жасалған кезден бастап тағайындалады. Егер сот сотқа жүгінгенге дейін күтіп-бағуға қаражат алу шаралары қолданылғанын, бірақ алименттер оны төлеуге міндетті адамның оларды төлеуден жалтаруы салдарынан алынбағанын анықтаса, өткен кезеңдегі алименттер сотқа жүгінген кезден бастап үш жылдық мерзім шегінде өндіріп алынуы мүмкін.

«Соттардың алименттерді өндіріп алу жөніндегі істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 6 нормативтік қаулысының 33-тармағына сәйкес алименттер алу мақсатында қабылданған шаралар туралы, атап айтқанда, талап қоюшының жауапкерге алименттер төлеу туралы талап қоюмен не алименттер төлеу туралы келісім жасасу туралы ұсыныспен (мысалы, телеграмма, хабарламасы бар тапсырыс хаттар жіберу арқылы не электрондық пошта арқылы) өтініш жасауы, кәмелетке толмаған балаға

алименттер өндіріп алу туралы сот бұйрығын беру туралы арызбен жүгінуі (егер кейін сот бұйрығының күші жойылған болса) қуәландыра алады.

Өз кезегінде жауапкерге талап қоюшының алименттерді төлеуден жалтаруы туралы дәлелдемелерін жоққа шығаратын және олардың көрсетілген кезеңде алименттерді төлегенін растайтын дәлелдемелерді ұсыну міндеті жүктелген.

Қолданыстағы заңнаманы біркелкі және дұрыс қолдану мақсатында осы мәселені Нормативтік қаулыда түсіндіру қажет.

Қорыту кейбір істер бойынша соттар АПК-нің 243-бабының 1) тармақшасын бұза отырып, шешімнің қарар бөлігінде алименттерді өндіріп алу бөлігінде сот шешімінің дереу орындалуы туралы көрсетпейтінін де көрсетті.

Бұдан басқа, соттар неке бұзылғаннан кейін тегін беру туралы жұбайының (зайыбының) ұстанымдарын анықтамайды, ал шешімде Кодекстің 22-бабының 1-бөлігіне сәйкес неке бұзылғаннан кейін ерлі-зайыптылардың тегін көрсетпейді.

Кейіннен соттардың бұл мән-жайды анықтамауы АХАТ органдарында тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеу қажеттігіне байланысты әуре-сарсаңға және қосымша шығындарға әкеп соқтырады.

Ал, Кодекстің 257-бабының 4) тармағына сәйкес тегінің ауыстырылуын мемлекеттік тіркеуді он алты жасқа толған және егер неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған кезде бұл туралы мәлімделмесе, некеге дейінгі тегін алуға тілек білдірген адамның жеке арызы бойынша тіркеуші органдар жүргізеді.

Практикада сот актілерінің осы бөлікте түзетілген жағдайлар болды.

Мәселен, Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 1 сәуірдегі қаулысымен Х.Н.-ның Х.Р.-ға некені бұзу туралы талап қоюы бойынша Қарағанды облысы, Балқаш қалалық сотының шешімі талап қоюшы Х.Н.-ге қыз кезіндегі тегі – Г. беру бөлігінде күші жойылды.

Шешімді өзгерте отырып, апелляциялық сатыдағы сот талап қоюшы соттан оған некеге дейінгі тегін беруді сұрамағанын көрсеткен. Кодекстің 31-бабының 3-тармағына сәйкес неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылар неке қию (ерлі-зайыпты болу) кезінде таңдаған тектерін сақтауға немесе өздерінің некеге дейінгі тектерін қалпына келтіруге құқылы.

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
азаматтық істер жөніндегі сот алқасы**